

ЭОЖ 323:342.41(574)

Муталова Д.С., аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының конституциялық даму кезеңдері жан-жақты зерделенген.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, конституция, демократия, құқықтық мемлекет.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң қабылдап, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жария етті. 1993 жылы 28 ақпанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі дербес, тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Конституциясын қабылдады. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтуда, халыққа қызмет ететін, азаматтардың кең көлемді құқықтары мен бостандықтарын т.б. жариялаудағы халықтың еркін білдіретін мемлекеттік жаңа органдар құруға бұл Конституцияның зор маңызы болды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы жаңа мемлекетте пайда болған проблемаларды білдіре алмады. Ондайлар қатарына мемлекеттік, экономикалық өмірдің, адам құқығы мен бостандықтарының мәселелері т.б. жататын еді. Басқару жүйесі туралы мәселе де тиянақты шешілген жоқ. Жоғарғы Кеңестің өкілдігіне шек қойылмады. Ал мұның өзі оны Президенттің, Үкіметтің істеріне араласуына әкеліп соқты. Президенттің құқықтары шектеулі болып, соның салдарынан ол реформаны жүзеге асыру жөнінде өз бетінше дербес саясат жүргізе алмады. Конституция экономикалық реформаны жүргізу жөніндегі т.б. жұмыстарда кідіріс туғызды. Сондықтан қоғамдық өмірдің өзі Конституцияны қайта қарау туралы мәселені алға тартты. Президент Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен жаңа Конституцияның жобасы әзірленіп, бүкілхалықтық талқыға салу үшін баспасөзде жарияланды. Талқылау барысында жоба бойынша көптеген ескертулер айтылды. Олардың ең елеулі дегендері ескеріліп, жоба тағдырын шешу үшін халыққа ұсынылды. Бүкілхалықтық дауыс берудің (референдум) нәтижесінде 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы — демократиялық, өркениетті даму жолына түскен мемлекет пен қоғамның негізгі, басты нормативтік актісі. Конституция мемлекеттік және қоғамдық құрылысты, олардың ұйымдастырылу және болашаққа бағдар ұстай отырып қызмет ету принциптерін белгілейді. Онда адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі, мемлекеттік билік пен мемлекеттің әлеуметтік базасының қайнар көзі ретіндегі адам мен азаматтың, бүкіл халықтың мәртебесі баянды етіледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясында мемлекет жан-жақты қарастырылады. Конституцияның 1-бабында былай делінген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Қазақстан – демократиялық мемлекет. Қазақстанның демократиялық мемлекет ретінде сипаттамасы Қазақстан Республикасы Конституциясының мазмұнынан және мемлекеттік органдардың қызметінен туындайды. Демократизм формальды түрде, яғни құқықтық нормаларда бекітілген болуы мүмкін. Демократизм формальды түрде ғана емес, нақтылы түрде де, яғни неше түрлі кепілдіктермен қамтамасыз етілген болуы да мүмкін. Қазақстан мемлекетінің демократиялық сипаты конституциялық принциптерде анықталады. Мемлекеттің ұйымдастырылуының ең негізгі принциптерінің бірі - мемлекет басшысының, Парламент депутаттарының, жергілікті өкілетті органдардың сайланып қойылатындығы болып табылады. Мемлекет қызметінің басқа бір негізгі принципі – мемлекет өмірінің неғұрлым маңызды

мәселелерінің демократиялық әдістермен шешілетіндігі. Атап айтқанда, референдум өткізілуі, Парламенттегі дауыс беру рәсімдері осыған жатады.

Қазақстан мемлекетінің демократиялығы мынадан да көрінеді: Конституция азаматтардың өкілетті органдарға жалпы алғанда халықтың мүдделерін, әлеуметтік және ұлттық азшылықтың мүдделерін, жеке азаматтардың заңды мүдделерін білдіретін және сол мүдделерді қорғауға тілектес әрі соған қабілетті өз өкілдерін ұсынуға және сайлауға мүмкіндік туғызатын демократиялық нормаларды белгілейді.

Қазақстан мемлекетінің демократиялығы референдум өткізудің демократиялық тәсілдерінен де көрінеді. Референдум мынадай принциптерге негізделеді: 1) азаматтардың референдумға қатынасуға және онда өзінің еркін білдіруге ықтиярлылығы; 2) азаматтардың референдумға жасырын дауыс беру жағдайында баршаның тең және тікелей қатысуға құқықтылығы; 3) жариялылығы. Референдумға Конституцияны, конституциялық заңдарды, жай заңдарды қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелер қойылуы мүмкін. Референдумға Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешуге байланысты сұрақтар да шығарылуы мүмкін.

Мемлекетті демократиялық жолмен ұйымдастырудың аса маңызды принциптерінің бірі — биліктің бөліну принципі. Қазақстан Республикасының Конституциясында билікті бөлу принципі белгіленген: Республикада мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылатыны айқын көрсетілген.

Мемлекет демократизмінің негізгі бір көрінісі ұлттық және халықтық егемендіктің орнықтырылуы болып табылады. Ұлттық тәуелсіздік ұлттың өз тағдырына өзі ие болып, мемлекеттік, экономикалық және рухани салада өзін-өзі билеу мүмкіндігінен көрінеді. Қазіргі Қазақстан жағдайында ұлттық тәуелсіздіктің өз ерекшеліктері бар. Мәселе мынада: Қазақстанда ғасырлар бойы өзінің ата-жұртын мекендеп, сол жерде ұлт ретінде қалыптасқан бірден-бір, жалғыз ұлт бар, ол — қазақ ұлты. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы жаңа Конституциясы осы тарихи фактіні мойындап және баянды ете келіп, кіріспеде мемлекеттіліктің «байырғы қазақ жерінде» құрылатынын атап көрсетті. Бұдан туатын тағы да бір қорытынды: қазақ ұлты мемлекеттік салада өзін-өзі билеуге, яғни өзінің ұлттық мемлекеттілігін құруға құқылы болуы. Осыны танып, мойындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заңда да, сондай-ақ 1993 жылғы Конституцияда да жария етілген еді.

Алайда Қазақстанда көптеген басқа ұлттардың өкілдері тұратыны белгілі. Олардың жалпы саны елдегі халықтың жартысына жақын. Бірақ, осыған қарамастан, оларда ұлттық белгі жоқ. Мысалы, Қазақстанда көптеген орыстар, украиндер, өзбектер, корейлер, ұйғырлар т.б. тұрады. Осы этникалық топтардың әрқайсысында сол ұлт тұратын өздерінің байырғы отаны бар. Бірақ бұлар Қазақстан Республикасының азаматтары болғандықтан, мемлекеттік салада басқаруға қатысуға хақылы. Дегенмен Қазақстан аумағында ұлт болмағандықтан, бұлар саяси-құқықтық жағынан алғанда жұрттың, ел халқының бір бөлігі болып есептеледі. Осы себептен Қазақстан жағдайында мемлекеттік салада бір ғана қазақ ұлтының емес, бүкіл Қазақстан халқының өзін-өзі билеуі туралы айтқан жөн болады. Саяси жағынан алып қарағанда, ұлттық егемендік халықтық егемендікпен бірігіп кетеді де, сол күйінде мемлекеттік биліктің, мемлекеттік егемендіктің қайнар көзі болып табылады. Міне осы арқылы ұлтаралық қатынастардағы шиеленіс қатерінің беті қайтарылды.

Мемлекет егемендігінің елеулі бір белгісі мемлекеттік биліктің жоғарылық мәртебесі болып табылады. Жоғарылық мәртебе ұлттық құқықтың дербес жүйесін жасауға мүмкіндік береді, ал бұл жүйе қоғамдық қатынастардың аса маңызды жақтарын реттеп отырады, бүкіл аумақта бірыңғай құқықтық тәртіп орнатады, мемлекеттік органдардың құқықтық мәртебесін, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін белгілейді. Мемлекеттік биліктің жоғарылық мәртебесі Қазақстан аумағында Республика Конституциясының, ал содан кейін мемлекеттік биліктің жоғары органдары қабылдаған басқа да нормативтік құқықтық актілердің жоғарылық мәртебесінен көрінеді.

Егемендіктің бір белгісі мемлекеттік биліктің біртұтастығы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясында былай деп атап көрсетілген: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас» (3-бап, 4-п.). Мемлекеттік биліктің біртұтастығы жоғары мемлекеттік билікке біріктірілген органдар жүйесінің өмір сүруінен көрінеді. Ол заң шығарушы, атқарушы және сот

тармақтарына бөлінеді. Біртұтас мемлекеттік бөліктің бұл тармақтары бөліне келе, өз өкілеттігінің шеңберінде бүкіл мемлекеттің қызметін атқарады.

Парламентке, Үкіметке және сот органдарына дербес өкілдіктердің берілуі олар бір-бірінен мүлде тәуелсіз болады деген сөз емес. Олар бір мемлекеттің органы болып табылады. Сөйте тұрып, бір-біріне ықпал етеді. Мысалы, Парламент Үкіметке сенімсіздік білдіруі мүмкін.

Қазақстанда құқықтық мемлекеттің құрылуы. Құқықтық мемлекет ұзақ тарихи даму процесінде қалыптасады. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясында: еліміз құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолына түсті деп жазылған.

Құқықтық мемлекеттің бірінші көрсеткіші – заңның жоғары тұратындығы, оның қоғамдық өмірде үстемдік ететіндігі. Қоғамдық өмірдің неғұрлым маңызды жақтары заңдар арқылы реттеліп отыруға тиіс. Конституция заң шығарушы органды осы жағдайға қарай нұсқайды. Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасының Парламенті «аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастыру мен олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға» т.б. хақылы.

Заң шығару өкілдіктерінің Президентке берілуі, сөйтіп ол заңдық күші бар жарлықтар шығаруы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда халық конституциялық және жай заңдық күші бар актілерді референдум арқылы қабылдауы мүмкін. Заң қабылдау құқығы бар субъектілер шеңберінің кеңеюі мемлекеттің құқықтық нысанға ие болу ниетін көрсетеді.

Құқықтық мемлекеттің тағы бір маңызды принципі - барлық мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғаларға заң талаптарының міндеттілігі. Заңдар негізінде мемлекеттен, оның органдарынан шығады. Демек, заң талаптарын орындауға міндеттемені ең алдымен мемлекеттің өзі алады. «Құқықтық мемлекет» дегеніміз құқық қалыптасып, көптеген заңдар қабылданып жатқан ғана мемлекет емес. Құқықтық мемлекет дегеніміз бұл мемлекеттік органдары мен мекемелерінің қызметі түп-түгел қабылданған заңдарға негізделіп жүргізілетін мемлекет.

Құқықтық мемлекеттің маңызды бір белгісі - азаматтардың заңдарды мүлтіксіз сақтауы. Ол үшін азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін белгілейтін заңдарды басқа да нормативтік құқықтық актілерді жақсы білуі қажет. Ал жұрттың бәрінің заңдарды білуін қамтамасыз ету үшін, Конституцияда азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысы бар заңдарды, барлық нормативтік құқықтық актілерді ресми түрде баспасөзде жариялап отыру қарастырылған. Заңдарды баспасөзде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады — азаматтарды құқықтық жағынан сауаттандыруда конституциялық бұл ереженің маңызы зор, өйткені мұндай жағдайда азаматтар өздерінің құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысы бар нормативтік құқықтық актілермен танысуға мүмкіндік алады. Аталған конституциялық ереже азаматтардың құқықтары мен міндеттері нақтыланған көптеген салалық актілердің жұртшылыққа жеткізілуін қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекеттік органдар кейде өздерінің нормативтік құқықтық актілерін жарияламауға, сөйтіп олардың азаматтарға жеткізілуін шектеуге тырысады. Мұның бір себебі – бұл актілерде азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын бұзатын ережелердің болуы.

Азаматтардың заң ережелерін орындауының тағы бір маңызды шарты олардың құқықтық санасын қалыптастыру болып табылады. Бұл мәселеге тиісінше назар аударылмай келді. Халықты құқықтық жағынан білімін жетілдіре түсу мәселелеріне мемлекет көзқарасының түбірімен өзгертілуі елімізде «Құқықтық жаппай оқытуды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Президенттің 1995 жылғы 21 маусымдағы қаулысынан басталады. Бұл – зор саяси маңызы бар акті, оның негізінде құқықтық мемлекеттің қалыптасуын қамтамасыз ету идеясы жатыр. Бұл қаулыда құқықтық және әдептілік нормаларға мектепке дейінгі жастан бастап үйрету көзделген.

Заң талаптарын сақтай отырып, азаматтар, әлбетте, өздерінің мемлекет алдындағы жауапкершілігін сезінуі тиіс. Бірақ бұл жауапкершілік бір жақты болуға тиіс деген сөз емес. Мемлекет алдында азаматтар ғана жауапты болмай, азаматтар алдында мемлекет те жауапты болуға тиіс. Бұрын азаматтардың құқықтары мен бостандықтары — мемлекеттің азаматтарға берген өзіндік бір сыйы дейтін ұғым болған. Шындығында, көптеген құқықтар мен бостандықтар заң жүзінде баянды етілетін табиғи құқықтар мен бостандықтар болып табылады.

Тіпті азаматтардың мемлекет мойындап, танитын құқықтары мен бостандықтарында объективті түрде шарттылық бар. Олардың қорғалуы үшін, жүзеге асуына жағдайлар жасалуы үшін мемлекет өзіне жауапкершілік арқалайды. Мемлекет, оның органдары, мекемелері, лауазымды тұлғалары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуын қамтамасыз етуге тиіс. Соның өзінде олар жұртты топқа, әлеуметтік жікке, ұлттық топқа бөлмей, бүкіл қоғамға қызмет етуге тиіс. Олар нақтылы адамдардың өзіне қызмет етуге, оның заңды құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге тиіс. Ал мұның өзі – құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі. Ол жайында Конституцияның 1-бабында былай делінген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары».

Құқықтық мемлекеттің маңызды бір белгісі - Конституцияда соттардың тәуелсіздігі принципінің баянды етілгендігі болып табылады. Құқықтық мемлекетте сот ерекше орын алады, өйткені ол мемлекеттік биліктің үш тармағының біреуі болып саналады. Даулы құқықтық мәселелердің барлығы сотта шешіледі. Соттың билігі Конституция, заңдар, өзге де нормативтік актілер, республиканың халықаралық шарттары негізінде туындайтын істер мен даулардың барлығына тарайды. Конституцияның 77-бабында былай деп жазылған: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады». Судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың бірі - олардың өмір бойына тағайындалуы. Алайда егер судья заңды бұзатын болса, дереу қызметінен босатылады.

Мемлекет - дамыған ұлттық құқықтық жүйенің болуы, тек оның нақты қызмет істеуі арқасында ғана құқықтық деп танылмайды. Сонымен қатар мемлекеттің құқықтық сипатының дәрежесі неғұрлым демократиялық, прогресті және адамгершілікті құқықтық идеяларды өз бойына жинаған халықаралық құқыққа мемлекеттің қалай қарайтындығымен де анықталады. Бұл мәселеге Конституция ерекше назар аударады. Онда былай деп жазылған: Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларын құрметтейді. Халықаралық шарттар және өзге де міндеттемелер республикамыздың қолданылып жүрген құқығына енгізіледі. Республика бекіткен халықаралық шарттар оның өз заңдарынан басым болады және тікелей қолданылады.

Сонымен Тәуелсіздіктің 23 жылы ішінде Қазақстан Республикасы өзін әлемге экономикасы қарыштап дамыған, әлеуметтік әлеуеті артқан, демократиялық құндылықтарды және құқықтық қағидаларды қадірлейтін мемлекет ретінде таныта білді. Қазіргі таңда біздің мемлекетіміз өз дамуында жаңа сатыға қадам басқалы тұр. Қазақстан Республикасы болашақта да халықтар арасындағы ынтымақтастықты ту етіп, алға қойған стратегиялық бағыт-бағдарларды басшылыққа ала отырып қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық жағынан дами беретін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сапарғалиев Ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. Алматы: Атамұра, 1998. – 168 б.
- 2 Омарбеков Н. А. Қазақстандағы жаңа конституциялық құрылыс // Ақиқат, 1996. – № 11.
- 3 Дәрімбет Б. Демократия мен автократия: Саяси өмір шежіресі. // Алматы: Өркениет, 2004. – 175 б.
- 4 Аюпова З.К. Особенности построения демократического правового государства // Мысль, 1999. – № 4.
- 5 Қалиев Н. Тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесі // Ақиқат, 2001. – №2.
- 6 Сейтжанова Г. На пути утверждения правового государства. – Мысль, 2001. – № 1.

РЕЗЮМЕ

В данной статье исследуются этапы конституционного развития Республики Казахстан.

RESUME

This article explores the stages of constitutional development of the Republic of Kazakhstan.